

Аннотация

«Дағдарыстан кейінгі кезеңдегі тұтынушылық сұраныс (халықаралық және Қазақстан тәжірибесі)» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелерінің есебіне

Зерттеу мақсаты – тұтынушылық сұраныстың негізгі үрдістерін, заңдылықтарын және дағдарыстан кейінгі кезеңдегі сипатты үлгілерін анықтау, дағдарыстардың тұтынушылық сұраныстың динамикасы мен құрылымына ұзақ мерзімді әсерін бағалау, оның қалпына келу факторларын талдау және аймақтық әрі жаһандық трендтермен байланысын зерттеу. Зерттеу тобы мақсатты нақтылай келе, екі дағдарыс кезіндегі тұтыну динамикасын зерттеуді жоспарлады: 2007–2008 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысы (әрі қарай – Ұлы рецессия) және COVID-19 пандемиясына байланысты дағдарыс.

Міндеттер:

- 1) мәселенің зерттелу деңгейін талдау (әдеби шолу);
- 2) дағдарыстан кейінгі кезеңге тән тұтынушылық сұраныстың үрдістері мен заңдылықтарын анықтау;
- 3) дағдарыстардың тұтынушылық сұраныстың динамикасы мен құрылымына ұзақ мерзімді әсерін бағалау;
- 4) тұтынушылық сұранысты қалпына келтіру факторларын анықтап, олардың әсерін сандық бағалау;
- 5) дағдарыстан кейінгі кезеңдегі тұтынушылық сұранысты аймақтық және жаһандық деңгейде талдау;
- 6) қорытындылар мен ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу нысаны – дағдарыс кезеңдерінен кейінгі тұтынушылық сұраныстың динамикасы мен құрылымы.

Зерттеу әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық негіздері: зерттеу барысында отандық және шетелдік зерттеулердің нәтижелері қолданылды, сондай-ақ Қазақстандағы дағдарыстан кейінгі кезеңдегі тұтынушылық сұранысқа дағдарыстардың әсерін статистикалық талдауға арналған бірегей деректер пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері мен ұсынымдар:

– Ұлы рецессияға арналған көптеген зерттеулер бар, оның ішінде ақша-несие саясаты, салық-бюджет саясаты және реттеу саясатының дағдарыстан кейінгі кезеңдегі тұтынушылық сұранысқа әсері қарастырылған. Сонымен қатар, қазақстандық әдебиетте пандемияның тұтынушылық мінез-құлыққа әсерін зерттеу бойынша олқылықтар анықталды.

– Зерттеудің практикалық маңызы тұтынушылық сұраныстың дағдарыстан кейінгі мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау және әртүрлі табиғаттағы шоктарды зерттеуде жатыр. Алынған нәтижелер тұтынушылар мінез-құлқына әсер ететін факторларды бағалауда экономикалық шаралар әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

– Ұлы рецессия мен COVID-19 дағдарысының әсері азық-түлікке жұмсалатын шығындарға әсер етпеген. Дегенмен, екі жағдайда да киім-кешекке, ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарларға және бос уақытқа жұмсалатын шығындар азайған. Бұл әсерлердің себептері әртүрлі болды.

– Дағдарыстан кейінгі кезеңде, әсіресе энергия ресурстарын экспорттамайтын елдерде, үй шаруашылықтары сәнді заттарға, темекі мен алкогольге шығындарды азайтады. Энергия тасымалдаушыларды экспорттайтын елдер демалыстарды қысқартумен және коммуналдық қызметтерге төлемдердің кешігуімен жиі бетпе-бет келеді.

– Білім деңгейі Ұлы рецессиядан кейінгі кезеңде үй шаруашылықтарының тұтынушылық мінез-құлқына айтарлықтай әсер еткен. Жақсы денсаулық жағдайындағы адамдар сәнді заттардан басқа, алкоголь, темекі сияқты барлық дерлік санаттар бойынша тұтынуды аз қысқартады.

– COVID-19 дағдарысының әсерін транзакциялық деректерді пайдалана отырып талдау нәтижесінде экономикалық қызметтің 14 түрінің 11-інде тұтыну төмендегені анықталды. Оның ішінде 8-і бірнеше айдан кейін қалпына келсе, қалған 3 түрі («білім беру», «тұру және тамақтану қызметтері» және «өнер, ойын-сауық және демалыс») тек 2021 жылы қалыпқа келді. Бұл мінез-құлық шоктың сипаттамасымен, атап айтқанда, ковидтік шектеулердің қаттылығы мен ұзақтығымен байланысты. Ауылдық жерлер мен қаладағы транзакциялардың төмендеуі арасында айырмашылықтар болды, мұнда белсенді фирмалардың саны қалаларда айтарлықтай азайды.

Жетекшілер туралы ақпарат:

Зерттеу жетекшісі – **Алдашев Алишер**, PhD, профессор, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Халықаралық экономика мектебі.

Жетекші орындаушы – **Баткеев Біржан**, PhD, қауымдастырылған профессор, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Халықаралық экономика мектебі.

Зерттеу тобы зерттеу нәтижелері жарияланымдары туралы ақпарат: Scopus, WoS, РИНЦ мәліметтер базаларында индекстелетін халықаралық журналда жариялауды жоспарлап отыр